

"Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа әскерлеріне және әскери құрылымдарына азаматтарды 2010 жылдың сәуір-маусымында, қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке кезекті шақыруды жүргізуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы" әкімдіктің 2010 жылғы 22 сәуірдегі № 110 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Мерзімі біткен

Қостанай облысы Қарасу ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 6 қыркүйектегі № 293 қаулысы. Қостанай облысы Қарасу ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 13 қыркүйекте № 9-13-114 тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабының 1-тармағының 8) тармақшасына сәйкес, "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңын орындауда Қарасу ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа әскерлеріне және әскери құрылымдарына азаматтарды 2010 жылдың сәуір-маусымында, қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыруды жүргізуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы" әкімдіктің 2010 жылғы 22 сәуірдегі № 110 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізіліміндегі № 9-13-111 болып тіркелді, "Қарасу өңірі" газетінде 2010 жылғы 19 мамырда жарияланды) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының 3-тармағының 2) тармақшасы алып тасталсын.

2. Осы қаулы оны алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енеді.

Аудан әкімі

Қ.Ахметов